

Жобаның қысқаша мәліметі

Атауы	AP25795411 «Қазақстан жастарының халықаралық білім беру көші-қоны: тәуекелдер мен шешу жолдары»
Өзектілігі	Жаһандану жағдайында білім беру көші-қонның болуы заңды құбылыс. Алайда, жалпы қалыптасқан тенденция - халықаралық студенттердің басым бөлігінің дамушы елден дамыған елге оқуға келген жастардың болуы. Білім беру бағдарламалары мен гранттар санының көбеюіне байланысты жастар үшін шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндігі артты. Жастар мемлекет немесе ата-анасының қаржылық қолдауымен білім-беру бағдарламаларына қатысады. Қазақстаннан шет елдерге жастардың көші-қон көрсеткіші жылдан жылға артып келеді. Білім беру көші-қоны салдары көші-қон салдары карама-қайшы. Индивидуалдық деңгейде шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу жас адамның еңбек нарығында бәсекелестікке қабілеттілігін арттырады. Макро деңгейде егер жас адам білімін тамамдағаннан кейін еліне қайтқан жағдайда жіберуші елдің адами капиталы артады. Алайда, оқуын аяқтағаннан кейін жастардың елге оралмауы «ақыл көшіне», яғни адами капиталдың сыртқа кетуіне және нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық мәселенің туындауына әкеледі. Тәжірибе көрсеткендей халықаралық студенттердің көпшілігі әр түрлі себеппен қабылдаушы елде қалып қояды, соның ішінде қазақстандық студенттер де бар. Осы зерттеу қазақстандық жастардың көші-қон мотивтерінің қалыптасуының толық алгоритмін саралауға бағытталған. Көші-қон мотивтерін оқу елі мен Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық айырмашылығы бойынша ғана емес (макро деңгей), мезо және микро деңгейдегі факторлар мен себептер негізінде зерттеу жоспарлануда. Сонымен қатар, көші-қон мотивтеріне жастардың мүмкіндігі пен шектеулігінің ықпалы талданады. Ерекше назар жастардың көші-қон шешіміне ғана емес, ал сол шешімді қабылдау үдерісіне аударылады. Нақтырақ айтқанда, көші-қонға әсер ететін факторлардың қазақстандық жастардың шетелдік оқу орнын бітіргеннен кейін шет елде қалуын немесе елге оралуын анықтайтын «күшке» айналуын зерделеу.
Мақсаты	Жоба мақсаты - қазақстандық жастардың халықаралық білім беру көші-қон мотивтерін өлшеу шкаласын құру және қайтарымсыз көші-қон тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған ынталандыру стратегиясын жобалау.
Міндеттері	- Көші-қон тақырыбы бойынша қазіргі заманғы озық ғылыми зерттеулер мен тұжырымдарды талдау негізінде қазақстандық жастардың көші-қон мотивтерін зерттеудің авторлық негіздемесін әзірлеу. Көші-қон мотивтерін зерттеудің авторлық негіздемесі еліміз бен қазақстандық жастардың өзіндік ерекшелігін ескере отырып, халықаралық талаптарға сәйкес келетін зерттеу әдістемесін жасауға мүмкіндік береді. - Жастардың көші-қонын реттеуде инновациялық

	тәжірибені терең түсіну үшін халықаралық саясатты, бағдарламалар мен стратегияны талдау. Талдау негізінде озық тәжірибені анықтау арқылы жастардың көші-қонын реттеуде ұлттық саясатты жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленеді. - Қазақстаннан эмиграциялауға әсер ететін әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, саяси, мәдени факторлардың, ұстанымдардың, мүмкіндіктер мен шектеуліктердің ықпалы мен өзгеру динамикасына талдау жүргізу. Мұндай талдау жастар арасында қайтарымсыз көші-қонның макро, мезо және микро-деңгейдегі себептерін топтастыруға және олардың алғышарттарын азайтуға бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. - Қазақстан жастарының білім беру көші-қон мотивтерінің қалыптасу үрдісі мен факторларын түсіну үшін шетелде білім алуды жоспарлап жатқан жоғары сынып оқушылары арасында зерттеу жүргізу. - Көші-қон мотивтерінің шетелде оқу барысында өзгеруін бағалау үшін шетелде білім алып жатқан қазақстандық студенттер арасында сұхбат жүргізу. - Көші-қон туралы шешімнің жүзеге асырылуы мен қайтарымсыз көші-қон алғышарттарын анықтау үшін шетелдік жоғары оқу орны түлектері арасында тереңдетілген сұхбат өткізу. - Жоғары сынып оқушылары, шетелдік жоғары оқу орны студенттері мен түлектері арасында сапалық және сандық әдістерді қамтитын кешенді әлеуметтанулық зерттеу негізінде жастардың көші-қон мотивтерін өлшеу шкаласын құру. - Қайтарымсыз көші-қон тәуекелін азайту үшін әлемдегі озық тәжірибені талдау мен кешенді әлеуметтанулық зерттеу жүргізу негізінде қазақстандық жастардың халықаралық білім беру көші-қонын бақылау мен реттеу бойынша нұсқаулық әзірлеу және қайтарымсыз көші-қон тәуекелін барынша азайтуға бағытталған ынталандыру стратегиясын жобалау.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	<i>1. Ғылыми басылымдар</i> - Web of Science деректер базасында Arts and Humanities Citation Index немесе Social Science Citation Index-те индекстелетін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентилі бар ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала. немесе: - рецензиялаудан өткен және кемінде екі профессор ғылыми атағының және/немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесінің иегерлері жариялауға ұсынған постдокторанттың үлесі 6 б. п. кем емес 1 (бір) кем емес монография. - рецензияланған шетелдік және (немесе) ҒЖБССҚК ұсынған отандық басылымдарда 5 (бес) мақаладан және(немесе) шолулардан кем емес. <i>2. Шетелдік және (немесе) қазақстандық баспалар кітаптарында монографияларды, кітаптарды және (немесе) кітаптардағы тарауларды жариялау;</i> Зерттеу тақырыбы бойынша “Қазақстан жастарының білім беру көші-қон мотивтері мен қайтарымсыз көші-қонның алғышарттары” атты монографияны жариялау.

Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелері	Шнарбекова Меруерт Какпанбаевна - PhD, Қауымд. Профессор <i>Хирш индексі</i> - 3 <i>Scopus Author ID</i>: 57200079996 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57200079996 <i>Web of Science Researcher ID</i>: DRW-9214-2022 <i>ORCID</i>: https://orcid.org/0000-0002-1350-2806
Басылымдар тізімі және олардың сілтемелері	1. Shnarbekova M.K. The Role of Higher Education in Reproduction of Social Inequality in the Labor Market of Kazakhstan // Higher Education in Russia. 2021. Vol. 30, no. 3, pp. 114-127, https://doi.org/10.31992/0869-3617-2021-30-3-114-127 2. Shnarbekova M.K., Vasileva E.I., Zerchaninova T.E., Nikitina A.S. Comparative Analysis of Professional-Value Attitudes of the Youth in Russia and Kazakhstan in Education. Integration of Education, 2023. Vol. 27, no. 2, pp.186–207. https://doi.org/10.15507/1991-9468.111.027.202302.186-207 3. Шнарбекова М.К. The Motivations Behind Educational and Professional Choices of Kazakhstani Youth (Based on the Results of Sociological Studies) // Russian Education & Society, 2018. 60:4, 370-380, https://doi.org/10.1080/10609393.2018.1473700 4. Shnarbekova, M.K., Nikitina, A.S., Vasileva, E.I., Zerchaninova, T.E., Ruchkin, A.V. Educational and Professional Attitudes of Kazakhstan and Russian Youth People. International Transaction Journal of Engineering, Management, & Applied Sciences & Technologies, 2022. - 13(10), 13A10J, 1-10. DOI: 10.14456/ITJEMAST.2022.199 5. Шнарбекова М.К. и др. Образовательная миграция в современных социально-экономических коммуникациях. Сборник статей — СПб.: Астерион, 2022. - 264 с. 230-240. ISBN 978-5-00188-152-0. DOI: 10.53115/9785001881520 6. Шнарбекова М.К. и др. Қазақстан жастарының білім беру ішкі көші-кон үрдісін әлеуметтанулық талдау. Экономика и статистика. Агентство по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан Бюро национальной статистики. №1, 2022. Стр. 63-69. 7. Шнарбекова М.К. и др. Современные тенденции образовательной миграции в Казахстане в условиях COVID-19. Общественное здоровье и формирование здорового образа жизни в России и Китае: сборник статей / Под ред. А. В. Петрова, Ван Сюй, Ян Юнькэ. -СПб.: Астерион, 2021. – 328-337, 435 с. https://www.elibrary.ru/item.asp?id=46392397 8. Шнарбекова М.К. и др. Қазақстандық студенттердің халықаралық көші-қоны: қазіргі жағдайы мен тәуекелдері. Материалы Международной научной конференции Студентов и молодых ученых «Фараби әлемі». Алматы, Казахстан, 6-8 апреля 2021. Том 2. 112-114 9. Қалмұханбетова М., Шнарбекова М.К. Студенттердің халықаралық және ішкі көші-қонының себеп-салдарын талдау. Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Социологические и политические науки», №3 (75) 2021. 74-82. https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-8940.08

	10. Қалмұханбетова М., Шнарбекова М.К. Қазақстандық студенттердің білім беру көші-қонының қазіргі тенденциялары. Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Социологические и политические науки», №1(73) 2021 г. стр. 198-203 https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-8940.33 11. Shnarbekova M.K. Modern practices of obtaining Higher education in Kazakhstan. Вестник КазНУ им. аль-Фараби, серия психологии и социологии. №1 (72). 2020 г. 151-156. https://doi.org/10.26577/JPsS.2020.v72.i1.16 12. Shnarbekova M.K. Education and social reproduction: the impact of social background on educational choice of youth // Вестник КазНУ им. аль-Фараби, серия психологии и социологии. №2 (69). 2019 г. С.203-210. https://doi.org/10.26577/JPsS.2019.v69.i2.019 13. Шнарбекова М.К. Жоғары білім беру кеңістігіндегі жастар тәжірибесі. Монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 192 бет. ISBN 978-601-04-5121-6 14. Шнарбекова М.К. Білім беру әлеуметтануы. Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 138 б. 15. Шнарбекова М.К. Вопросы образования. Социальные практики молодежи в сфере высшего образования. Учебное пособие. Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 130 с. ISBN 978-601-04-5845-1 16. Shnarbekova M.K. Socio-economical aspects of higher education choice of Kazakhstanian school graduates. ҚазҰУ хабаршысы, психология және әлеуметтану сериясы. №1 (80), 2022. 147-154. DOI https://doi.org/10.26577/JPsS.2022.v80.i1.13 17. Shnarbekova M.K. The effects of family capital on Kazakh youth _Strategies in the choice of Higher education // Integration of Education, 2018. Vol. 22, no. 4, pp. 712-727. https://doi.org/10.15507/1991-9468.093.022.201804.712-727 18. Shnarbekova, M. K. (2023). Professional attitudes of high school students and importance of career counseling. <i>KazNU Bulletin. The Journal of Psychology & Sociology</i>, 86(3), 126–138. https://doi.org/10.26577/JPsS.2023.v86.i3.011 19. Шнарбекова М. К. (2019). Жастардың білімдік және кәсіби стратегияларына отбасының экономикалық капиталының ықпалы. <i>The Journal of Psychology and Sociology</i>, 67(4), 90–97. https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/880 20. Шнарбекова М., Мамытканов Д. Жас мамандардың Қазақстанның еңбек нарығында кәсіби ұстанымдары // Абай ат. ҚазҰПУ хабаршысы, әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. №4 (72), 2020. Стр. 153-158. https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-8940.27
Патенттер туралы ақпарат	-